«Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарабалық ауданының психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ

№ 3 хаттама

Әдістемелік кеңес отырысы
2026 жылғы 25 қыркүйек
Жетекші: ППТК меңгерушісі Ю.Н. Фогель
Хатшы: П.С. Таңатарова
Қатысқандар: 8 адам
Жауаптылар: әдіскер Г.Х. Кәрімова
Күн тәртібі:
Тақырыбы: «Танымдық белсенділікті ынталандырудың заманауи тәсілдері: нейропсихологиялық негіз және дидактикалық құралдар».
1. «Полисенсорлық тәсілдің нейропсихологиялық және нейрофизиологиялық негіздемесі» — мұғалім-дефектолог Н.В. Акулинина.
2. «Мультфильм кейіпкерлерінің бейнелеріне негізделген дидактикалық ойындарды іске асыру кезінде қолданылатын әдіс-тәсілдер» — педагог-психолог Ю.Н. Фогель.
3. Ұсынымдар.
Бірінші мәселе бойынша Надежда Владимировна сөз сөйлеп, өзінің практикалық жұмысында бірнеше талдағыш (анализаторлық) жүйелерді: көру, есту, сипап сезу, қозғалыс және артикуляциялық жүйелерді бір уақытта немесе дәйекті түрде қосуға негізделген полисенсорлық тәсілді қолданатыны туралы айтты.
Педагог полисенсорлық тәсілдің не екенін, оның нейропсихологиялық негіздемесін, қозғалыс компонентінің рөлін және нейрофизиологиялық негіздемесін түсіндіріп өтті. Сондай-ақ Н.В. өзінің авторлық жұмысында полисенсорлық тәсілді іске асыру барысына егжей-тегжейлі тоқталды (материал қоса беріледі).
Екінші мәселе бойынша педагог-психолог Ю.Н. Фогель мультфильм кейіпкерлерінің бейнелеріне негізделген дидактикалық ойындарды іске асыру кезінде қолданылатын әдіс-тәсілдер туралы баяндама жасады. Педагог өз жұмысында қазіргі заманғы мультфильм кейіпкерлерінің бейнелеріне негізделген дидактикалық ойындарды пайдаланатынын және олардың мазмұнын түзету-дамыту міндеттеріне сәйкес бейімдейтінін айтты (материал қоса беріледі).
Ұсынымдар:
1. Балалармен жүргізілетін түзету жұмыстарында мұғалім-дефектолог Н.В. Акулининаның жұмыс тәжірибесі қолданылсын.
2. Түзету-дамыту сабақтарында педагог-психолог Ю.Н. Фогель ұсынған практикалық тапсырмалар мен әдіс-тәсілдер пайдаланылсын.

ӘК төрағасы: Г.Х. Кәрімова

Хатшы: П.С. Таңатарова